ӘӨЖ 821.512.122.09-1

Ш.Б. БАРАТОВА
ҚР БҒМ ҒК Р.Б.Сүлейменов ат. Шығыстану институты
филол.ғ.к. ғылыми қызметкер

Ш. УӘЛИХАНОВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЖЫРЛАРДЫҢ ӨЛШЕМДІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Аннотация

Мақалада Ш.Ш. Уәлихановтың өлең түрлеріне байланысты айтылған пікірлері қарастырылады және бүгінгі күндегі маңызы көрсетілді. Сондай-ақ, ғалым ел арасынан жинаған жырлардың өлшемдік құрылымы жайында сөз болады.

Тірек сөздер: поэзия, әдебиет, өлшем, деректану.
Ключевые слова: поэзия, литература, метрика, источниковедение.
Keywords: poetry, literature, metrika, source study.

Қазақ халқының тұңғыш ғалымы Ш. Уәлиханов жан-жақты білім иесі болуымен қатар, өз халқының нағыз жанашыры ретінде танымал. Ол тарих, этнография, география салаларымен бірге филология ғылымының да дамуына айтарлықтай үлес қосқан. Ғалымның салмақты ой-тұжырымдары көрініс тапқан «Қазақ халық поэзиясының түрлері туралы» атты филология саласындағы алғашқы ғылыми-теориялық еңбегімен бірге ел аузында айтылып жүрген жыр үлгілерін қағаз бетіне түсіру барысындағы бағалы пікірлері оның нағыз филолог екенін дәлелдейді. Ғалымның әдебиет теориясына, өлеңтануға қосқан сүбелі үлесі Ш. Сәтбаеваның «Шоқан Уәлиханов – филолог» атты еңбегінде көрсетіліп: «Шоқан Уәлиханов қазақ халқының әдебиетін, тілін терең зерттеп, кең талдау жасап, тарихи өмірмен байланыстылығын идеялық-көркемдік қасиеттерін ашқан, жанрларына анықтама берген тұңғыш филолог ғалым» деген жоғары баға беріледі [Сәтбаева, 1987, 22 б.].

Ұзақ жылдық даму тарихы бар қазақ поэзиясы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет үлгілері негізінде қалыптасқаны белгілі. Қазақ поэзиясы араб-парсы поэзиясы мен будданың санскриттік сипаттағы аллитерациялық үлгідегі өлең жүйесінің әсеріне көп ұшырай қоймаған. Десек те қазақ халқының сөйлеу тілінде, жазба өнерінде араб-парсы сөздерін ұшыратамыз. Осы мәселе, яғни ана тіліне өзге тілдерден сөздердің ену жағдайы Шоқан Уәлихановты алаңдатқаны белгілі. Әрине, белгілі бір тілде жазылған шығарманың көркемділігін түпнұсқадан оқығанда ғана шынайы қалпында сезінеміз. Ислам діні арқылы қоғамымызға, аруз өлшемі арқылы әдебиетімізге сіңген сөздер осы күнге дейін әдеби тілде де, ауыз екі тілде де қолданылып келеді. Сол кездегі араб-парсы тілдерінің ахуалы, жоғарыда айтып өткеніміздей, Ш. Уәлихановты бей-жай қалдырмаған. Яғни ғалым «Едіге» жырында баяндалатын оқиға XIY ғасырдың соңы болғанын пайымдай келе, тіл тазалығы туралы пікірін төмендегіше қорытындылайды: «Бұған қазір тілімізде қолданылмайтын көптеген көнерген сөздер мен оралымдар дәлел, сонымен қатар бұл жырда бірде-бір парсы, араб сөздері кездеспейтінін атап өту қажет, ал қазір ислам дінінің тарауына байланысты, қазіргі, күнделікті сөйлеу тіліміздің өзінде парсы, араб сөздері қаптап кетті» [Уәлиханов, 2010, 238 б.]. Әрине Шоқан Уәлихановтың бұл пікірін ана тіліне, әдебиетіне, жалпы халқының болашақ тағдырына деген алаңдаушылық ретінде қарастыруға болады.

Ш. Уәлиханов әдебиет теориясының сол дәуірдегі терең білгірі ретінде танылады. Ол поэзия, анығырақ айтсақ, өлең түрлеріне байланысты салмақты ой-пікірлер жазып қалдырды. Ғалым өлеңнің төмендегі түрлерін атап келіп, олардың өзіне тән ерекшеліктерін көрсетіп отырған. Сондай-ақ, оның әр біріне түсінік, анықтама беріп, көркемдік әлемін түсіндіреді, өзгешелігін ашуға тырысады:

1. Жыр
2. Жоқтау
3. Қайым

4. Қара өлең

Үш бөлшекті бунақтан және *ааба* түріндегі ұйқастан құралған өлең қазақ поэзиясында "қара өлең" деп аталатыны анық. Өлеңнің бұл түрінің ерекшелігіне Ш. Уәлиханов төмендегідей анықтама береді: "Қара өлең – қарапайым өлең, төрт шумақтан құралады, шумақтардың әрқайсысы жеке тақырыпты сөз етеді. Бұл өлеңдер негізінен ашық дауысқа арналған"[Уәлиханов,2010, 238 б.]. Ғалымның пікіріне тереңірек үңілу үшін қазақ халқының атақты ақыны М. Мақатаев қаламынан шыққан төмендегі тармақтарға назар аударайық:

Ең бірінші / бақытым – / халқым менің,
Соған берем / ойымның / алтын кенін.
Ол бар болса, / мен бармын, / қор болмаймын,
Қымбаттырақ / алтыннан / нарқым менің.

Көріп тұрғанымыздай, келтірілген өлең үш бөлшекті бунақтан және *ааба* түріндегі ұйқастан құралған. Өлшем он бір буынды өлшемнің қандай бунағынан (3+4+4, 4+3+4, 4+4+3) құралса да, мұндай өлеңдер қазақ поэзиясында "қара өлең" деп аталады.

«Қайым – үйлену тойларында айтылатын, сұрақ пен жауаптан құрылған жастар арасындағы өлең. Ол төрт жолдан тұрады, алғашқы екі жолы төртінші жолмен ұйқасады. Бұл өлеңдер әртүрлі жұмбақтар, эпиграммалар, шектен шығып кететін бәдік қалжыңдарды қамтиды» [Уәлиханов, 2010, 239 б.]. Ғалымның жыр, өлең түрлеріне берген мұндай анықтама-тұжырымдары күні бүгінге дейін өз құндылығын жоғалтқан жоқ.

Ш. Уәлихановтың бұл саладағы зерттеулері тың сипатымен ерекшеленеді. Ол негізі тарихшы болса да, поэзия мәселелеріне соқпай кете алмаған, яғни, кеңінен жете тексеріп, құнды пікірлер айта білген. Ш.Уәлихановтың бұл ізденістері мен тың пікірлері жалпы поэзияның дамуына қомақты үлес қосқандығын көрсетеді, сондай-ақ поэзияны зерттеудегі көптеген бағалы пікірлердің туылуына негіз болған. Яғни, ғалым әдебиет мәселесіне де жоғары жауапкершілікпен қарап, осы салаға өзіндік үлесін қосып кеткен.

Шоқан Уәлиханов өмір сүрген заманда өлең түрлері мен өлең өлшемдеріне қатысты теориялық тұжырымдар жоқтың қасы еді. Ғалымның өлең түрлері туралы пікірлері көкейге қонарлықтай. Яғни, ол өлеңнің мазмұны мен бірге өлшемдік құрылымына ерекше мән бере отырып, теориялық тұжырымдарын түсініктер, мысалдар арқылы түйіндеп отырған. «Өлең төрт жолдан тұрады, алғашқы екі жолы мен төртінші жол ұйқасып келген, буын саны тұрақты, үшінші жол ұйқаспайды. Шығыс поэзиясы үшін араб өлшемі әрдайым лайық келе бермейтінін делелдеу үшін, мен шығыстанушыларға мысал ретінде Қозы Көрпештен алғашқы төрт жолды келтіріп отырмын» [Уәлиханов, 2010, 239 б.] дей келе аталмыш жырдан бір шумақты мысал ретінде алып, пікірін айқындауға тырысады.

Ауыз әдебиеті үлгілерін жинап құрастыру арқылы өскелең ұрпаққа жеткізуде елеулі еңбек сіңірген Шоқан Уәлиханов зерттеулері бүгінгі күн ғалымдары тарапынан жоғары бағалануда. Қазақтың тұңғыш ғалымы Ш. Уәлиханов әдебиет жайлы да құнды пікірлер айта білді. Ол Жетісуға, Ыстықкөлге, Жоңғарияға, Қашқарияға жасаған сапарлары кезінде ел ішінен әдебиет үлгілерін жинады. Қазақтың «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» жырын алғаш рет қағазға түсіріп, пікір жазды. Шоқанның қазақ халқының ақынжандылық қасиеті, поэзияның дамуы туралы білдірген пікірлері аса қызғылықты» [Ысқақұлы, 2011, 18 б.].

Жоғарыда айтып өткеніміздей, ел арасында айтылып жүрген жырларға ерекше мән берген Шоқан «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Жоқтау», «Абылай туралы жыр», «Орақтың жырлағаны» атты жырларды қағаз бетіне түсіру барысында әрбірінің өзіне тән өзгешілігін, құндылығын көрсете білді. Ол зерттеп отырған жырдың мән-мазмұндық ерекшелігін толығырақ ашып отырған. Уақыт өткен сайын ұмытылып қалатынын, жоғалып кететінін ескерген ғалым оларды қағаз бетіне түсіру арқылы кейінгі ұрпаққа сол күйде таныту және тапсырып кетуді көздеген. Ғалым жырларды жазып алу барысында оның құрылымдық болмысын немесе мазмұн жағынан болсын сипатын бұзбай, қайта оны жетілдіре түседі. Сөз өнерінің құдыретін білген Шоқанға өлең мен жыр үлгілерін жинау, топтастыру жеңілдікке соқпағанын, оңайлыққа түспегенін түсіну оңайға соқтырмаған. Бұл жұмыстың қиынның қиыны екенін өзі де мойындайды [Уәлиханов, 2010, 241 б.].

Ш. Уәлиханов зерттеулеріндегі жырлар тарихи тұрғыдан да аса құнды және халықтың бастан кешірген оқиғалары мен қиыншылықтарды кең түрде бейнелейтін жырлар болып келеді. Олар біз үшін сол дәуірден жеткен халықтың қымбат мұрасы ретінде маңызды. Шоқан тарапынан жазып алынған бұл жырлар қазақ халқының өткен ғасырлардағы тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін ашып көрсетуге мүмкіндік береді.

Ш.Уәлиханов өзі хатқа түсірген жырларды көпшілікке таныстыруға, насихаттауға айтарлықтай еңбек сіңіріп, өлең түрлеріне де ерекше назар аударды. Жырлардың құндылығын алғаш танып білуі сол кезде құнарлы ойдың көзіне айналған болса, бүгінге дейін маңызын жоғалтқан жоқ. Халқының болашағы үшін күресе білген Шоқан ой-тұжырымдарымен поэзияның құдыретін аша түскендей. Әдебиеттану саласына елеулі үлес қосқан Шоқан жырлардың құндылығын, бағасын жан-тәнімен сезіп, жаңаша көзқараспен батыл пікірлер айта алған.

«Шоқанның еңбектерінде қазақ әдебиеті тарихындағы Қорқыт, Асан қайғы, Ақтамберді, Шал ақын, Тәтіқара, Орынбай, Шөже, Жанақ, Түбек, Бұқар сияқты ірі тұлғалардың өнерпаздық қырлары хақында азды-көпті пікірлер бар. Қазақ ақындары жайлы айтқанда, негізгі мақсат ұлттық әдебиетімізді еуропалықтарға таныстыру болып көрінеді. Өйткені Шоқан қазақ поэзиясы туралы әңгімелеп отырғанда, оны көбіне еуропалық әдебиетпен салыстыра отырып түсіндіруге тырысқан» [Ысқақұлы, 2011, 19 б.].

Шоқан Уәлихановтың жанашырлығымен бүгінгі күнге дейін жетіп келген жырлардың өлшемдік құрылысына назар аударып көрейік: «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» атты жыр басынан соңына дейін он бір буынды өлшем негізінде жазылған. Бүгінгі таңда халық арасында айтылып жүрген ауыз әдебиетінің аталмыш жыр үлгілері факт ретінде, біріншіден, осы өлшемдердің ежелден келе жатқанын білдірсе, екіншіден, олардың жиі қолданылғанын көрсетеді. Ежелден поэзияны жанына серік еткен түркі тілдес халықтарының өмір көріністерін жырға қосып, әндетіп айтуға әдеттенген. Қазақ поэзиясында мұндай әндер әсіресе он бір буынды өлшем негізінде шығарылған. Осыған байланысты З.Ахметов: "Қазақ поэзиясында он бір буынды өлең өлшемі ежелден орнығып, аса кең тарап келген. Бұл өлшем халықтық ән-өлеңдерде, айтыстарда, дастандарда, лирикалық өлеңдердің көпшілігінде қолданылған", – деп жәй айтпаған болса керек [Ахметов, 2002, 184 б.].

Жиырмада / жасым бар, / жылым тауық, 4+3+4=11
Екі бай / құда болып, / қылды сауық. 3+4+4=11
Алыстан / кім екенін / танымаймын, 3+4+4=11
Бір адам / елден шықты / қатты шауып. 3+4+4=11

Шумақтағы барлық тармақтар бірдей он бір буынды өлшем негізінде құрылған. Он бір буынды өлшем негізінен орта өлшем. Бұл, әрине, суырып салма кезінде айтылатын өлеңдер үшін өте қолайлы. Бүгінгі күнге дейін мұндай өлшеммен мыңдаған ауыз әдебиетінің жыр, айтыс сияқты үлгілері жазылғаны белгілі. Олар қазіргі әдебиетімізде де ертеден келе жатқан дәстүрлі үлгі ретінде танылып, жан-жақты зерттеледі. Нәтижесінде олардың мазмұнымен қатар өлшемі де ақындардың шығармашылығында қолданылып, сабақтастық тауып келді. Бұл, әрине, жырларға тән өлшемнің қазіргі поэзияда сақталып қалуына әсер етті.

Бұл өлшем екі және үш бунақ бөлшектерінен тұратыны белгілі: 3+4+4, 4+3+4, 4+4+3, 6+5, 3+3+5. Әр бунақтың өзіне тән ерекшелігі бар. «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» жырында аталмыш өлшемнің он бір буынды өлшемнің бунақтары өзара араласып келіп отырады. Яғни, қазіргі поэзиямызда кездесетін мұндай араласу бұрыннан келе жатқан дәстүрлі ырғақ екені белгілі. (4+3+4 // 3+4+4, 4+4+3 // 3+4+4, 4+4+3 // 4+3+4) қолданылуының нәтижесінде, өлеңде екі түрлі ырғақ туған. Мұндай өлеңдерді Қ.Жұмалиев "бас бунағы бірыңғай емес өлең", деп атап, төмендегідей сипаттайды: "Бұл жай оқығанда көп байқалмайды. Бунақтарының аралас екені әнге салып көрсек анықталады" [Жұмалиев, 1969, 165 б.]. 11 буынды өлшем қара өлең тармақтарының түрлі ішкі ырғақтық бунаққа ие болуы қазіргі қазақ поэзиясында да жалғасын тапқан:

Шешем менің / иілген / сұрау белгі, 4+3+4=11
Сәл ғана / шаттық көрді, / жылау көрді, 3+4+4=11
Қалай ғана / қалпына / келтіресің, 4+3+4=11
Дауылдар / майыстырған / мынау белді. 3+4+4=11

Өлеңнің бірінші, үшінші тармақтары 4+3+4 түрінде жазылса, екінші, төртінші тармақтар 3+4+4 түріндегі бунақ ырғағына түседі.

«Абылай туралы жыр» жеті буынды өлшем негізінде жазылған.

Мен бір жырды жырлайын,
Жырласам нені жырлайын.
Ертеде өткен Абылай,
Ханымды да жырлайын!
Онымен қоймайын
Оның жауын жырлайын.

Жырдан келтірілген тармақтар жеті буынды өлшемге негізделген. Тармақтардағы буындарды санамай тура айтуымызға негіз бар. Бұл өрнекте шығарылған өлең тармақтары тілімізге де, ділімізге де жақын. Өйткені өлшемнің өзіне тән ерекшелігі бар. Ішкі сезім, махаббат тақырыбы бейнеленген бұл тармақтар жеті буынды өлшемнің 4+3 ырғақтық бунағы негізінде жазылған. Сол себепті олар біркелкі ырғаққа салынып оқылады. Халық жырында қарапайымдылық және үндестік басым. Сондай-ақ инверсия тәсілі сақталмай, тармақтар көбінесе етістікпен аяқталып отырған.

Қорыта айтқанда, өзінің бар ғұмырын ғылымға арнаған Ш. Уәлихановтың өлең түрлері мен өлең өлшемдері туралы зерттеулері болашақ ізденістердің бағыт-бағдарына жол ашары анық. Барлық түркі тілдес халықтардың мақтанышы болған Шоқанды сенімді түрде «филолог» деп мақтанышпен айта аламыз.

ӘДЕБИЕТ

Сәтбаева Ш.Қ. Шоқан Уәлиханов – филолог. Алматы: Ғылым, 1987. – 224 б.

Уәлиханов, 2010 – Ш.Ш. Уәлиханов. Көп томдық шығармалар жинағы. I том / 2 басылым. – Алматы: «Толағай групп», 2010. – 376 б.

Ысқақұлы Д. Қазақ әдеби сынының тарихы. Алматы: Қазығұрт, 2011. Т.1. – 464 б.

Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Астана: Фолиант, 2002. – 408 б.

Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969. – 243 б.

ADEBYET

Satbaeva, 1987 – Sh.K. Satbaeva. Shokan Ualihanov – filolog. – Almaty: Gylym, 1987. – 224 b.

Ualihanov, 2010 – Sh.Sh. Ualihanov. Kop tomdyk shygarmalar zhinagy. I tom / 2 basylym. – Almaty: "Tolagaj grupp", 2010. – 376 b.

Yskakuly, 2011 – Yskakuly D. Kazak adabi synynyn tarihy. – Almaty: "Kazygurt", 2011. T. 1. – 464 b.

Ahmetov, 2002 – Ahmetov Z. Pojezija shyny – danalyk. – Astana: Foliant, 2002. – 408 b.

Zhumaliev, 1969 – Zhumaliev K. Adebiet teorijasy. – Almaty: Mektep, 1969. – 243 b.

Ш.Б. Баратова

Резюме

Структурный размер стихотворений в трудах Ч. Валиханова

В статье рассматриваются новые рассуждения Ч. Валиханова относительно видов стихотворения и их значение в наше время, а также речь идет о собранных Ч. Валихановым среди населения жырах.

Summary

Sh.B. Baratova

The article examined accounts of Ch. Ch. Valikhanov relatinq to poetry and different types of poems and shows their importance for present situation at the same time, the article discusses zhyrs collected by the schjlar from the people.